



# ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Философия және саясаттану факультеті

## ПСИХОЛОГИЯ

**Айдосова Жанерке Кошкарарвна**

**Психология магистрі,**

**аға оқытушы**

## **5-модуль**

**Тұлғаның жеке дара -  
типологиялық ерекшеліктерінің  
тұлғалық дамудағы рөлі**

## **5-дәріс**

**Тұлға құрылымындағы  
темперамент, мінез және қабілет**

## **Дәрістің жоспары:**


1. Темперамент туралы типологиялық ерекшеліктер.
2. Мінез бітістерінің қасиеттері.
3. Қабілет және оның түрлері.

## Дәрістің мақсаты:

- темперамент, мінез және қабілеттің психологиялық ұғымдарын;
- теорияларын;
- олардың сипаттамасын;
- тұлғалық дамуда өзіндік мінез бітістерін;
- қабілеттің даму деңгейлерін талдау арқылы, тұлғаның индивидуалды-типологиялық ерекшеліктерінің ролін студенттерде қалыптастыру.

## Темперамент

латын тілінен аударғанда temperamentum – тиісті бөліктердің қатынасы – психикалық процестердің өтуінің динамикалық ерекшеліктерін және белгілі бір жағдайда адамның іс-қимылын түсіндіретін психика ерекшеліктері.



## I. Темперамент туралы типологиялық ерекшеліктер

---

**Темперамент** туа пайда болатын факторларға шартталған, ол өмірлік тәжірибе мен тәрбиеге тәуелді емес.

Темпераменттің негізін салған – ежелгі грек дәрігері **Гиппократ** (б.з.д. 460-377ж.).

## Гиппократ бойынша темперамент түрлері

**Сангвиник**

- Қан басым

**Флегматик**

- Шырын басым

**Холерик**


- Сары өт басым

**Меланхолик**

- Қара өт басым



# Ал Сіздің темпераментіңіз қандай?






Флегматик

Холерик

Меланхолик


Сангвиник



Темпераментті адам организмінің ерекшеліктерімен байланыстыра білген ғалымдардың бірі **И.П.Павлов** болды.

Темперамент адамның жоғарғы жүйке әрекетіне:

- күші;
- тепе-теңдігі;
- белсенділігіне байланысты.



## И.П. Павлов бойынша темперамент түрлері



## II. Мінез бітістерінің ерекшеліктері

**Мінез** дегеніміз гректің «charakter» деген сөзінен шыққан. Мағынасы – із қалдыру, таңба.


Адамның белгілі жағдаяттарда жасайтын типтік әрекеттерін сипаттайтын тұрақты даралық ерекшеліктердің бірлігі.

Мінез адамның негізгі өмірлік бет алысын және оның өзіндік әрекетінің айырмашылығын сипаттайтын сапалы өзгешелік.

Мінез ерекшеліктері – адамның даралық өзіндік психикалық қасиеттері.


# Мінез ілімдері

- Жұлдызнама
- Физиогномика
- Хиромантия
- Графология



## А.Е. Личко мінез типологиясы

- Гипертимді тип
- Циклоидті тип
- Астено-невротикалық тип
- Сензитивті тип
- Психоастеникалық тип
- Шизоидті тип
- Эпилептоидті тип
- Истероидті тип
- Тұрақсыз тип
- Конформды тип
- Лабильді тип



**Мінезіңізді қандай түспен сипаттауға болады?**



## Американ психологы Беатрис Айсмен түстердің адам мінезіне сәйкестігі жөнінде мынадай қызық қорытындыға келді

**Қызыл** – шапшаң мінезді, ақжарқын, тәуекелшіл, қарсыласуға әзір адамдар.

**Жасыл** – қайсар мінезді, жұмсақ жүректі, ақкөңіл адам. Қайрымды жандар.  
Олар балаларына ерекше мейрімді.

**Сары** – қиялы бай, ұшқыр ойлары парасатымен ұштасып жататындар.

**Көк** – салқынқанды, өзіне сенімді, басқалардың ренжіткенін қаламайтындар.

**Сиякөк** – ешкімге ұқсамайтын дара творчестволық тұлғалар.



### III. Қабілет және оның түрлері

Қабілеттің негізін нышан құрайды.

**Нышан** – қабілет дамуының алғышарты болып табылады.

Нышанға мидың анатомиялық, морфологиялық және физиологиялық қасиеттері ғана емес, сонымен бірге тікелей және жанамалы түрде тұқымқуалаушылықпен байланысты психикалық процестер де жатады.

**Қабілет дегеніміз** – қандай да бір іс-әрекетті жақсы, нәтижелі орындауда бір адамды екіншісінен ерекшелендіретін жеке дара психологиялық қасиеттер болып табылады.

## Қабілеттің түрлері

```
graph TD; A[Қабілеттің түрлері] --> B[Арнайы қабілеттер]; A --> C[Жалпы қабілеттер]; B --> D[Музыкалық, математикалық, педагогикалық қабілеттер]; C --> E[Коммуникативті, творчестволық, ойлау қабілеті];
```

### Арнайы қабілеттер

Музыкалық,  
математикалық,  
педагогикалық  
қабілеттер

### Жалпы қабілеттер

Коммуникативті,  
творчестволық, ойлау  
қабілеті

**Дарындылық** – адамды қандай да бір әрекетті табысты орындау мүмкіндігімен қамтамасыз ететін қабілеттің өзгеше сәйкестігі.


**Талант деп** қандай да бір іс-әрекеттің, әсіресе табысты, дербес түрде шешілуіне жағдай жасайтын аса үздік қабілеттіліктердің ұштасуын атайды.

Қабілет дамуының жоғары деңгейі **данышпандық** деп аталынады. Данышпандық туралы адамның шығармашылық жетістігі қоғамдық өмірде, мәдениет дамуында бүтін дәуірді құрастырғанда айтылады.

## Қайталау сұрақтары

1. Темперамент түсінігі және оның түрлері.
2. Темперамент теориялары.
3. Мінез және оның сипаттамасы. А.Е. Личко типологиясы.
4. Түстер мен мінез қасиеттері.
5. Қабілет және оның түрлері.

## Есте сақтайық!



Темперамент – тұлғаның туа біткен динамикалық сипаттамасы.



Мінез – әлеуметтік ортада қалыптасатын тұлғаның тұрақты ерекшеліктері. Мінез темперамент негізінде қалыптасады.



Тұлғаның индивидуалды-типологиялық ерекшеліктері негізінде нышан қалыптасып, қабілет дамиды. Олар жалпы және арнайы болып бөлінеді.



## Пайдаланылған әдебиеттер мен интернет-ресурстар

### Негізгі:

1. Белоус В.В. Темперамент и деятельность. – Пятигорск, 2010.
2. Петровский А.В. Введение в общую психологию. – М., 2009.
3. Тәжібаев Т. «Жалпы психология». – Алматы, 1998 жыл.
4. Доскалиева Р.Б. Мінез акцентуациясы: Оқу-әдістемелік құрал. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ Редакциялық баспа орталығы, 2016. – 84 б.

### Қосымша әдебиеттер:

1. «Қызықты психология». Республикалық ғылыми-практикалық, танымдық-психологиялық журнал. 2013 жыл, № 4. – 10-бет.

### Интернет-ресурстар:

1. [historymed.ru](http://historymed.ru)
2. [histrf.ru](http://histrf.ru)
3. [i.ytimg.com](http://i.ytimg.com)
4. [stock.adobe.com](http://stock.adobe.com)
5. [cf2.ppt-online.org](http://cf2.ppt-online.org)